

#### Әдебиет тізімі

- 1 Егемен Қазақстан №73(28012) 2013ж.
- 2 Егемен Қазақстан №69 (28008) 2013ж.
- 3 Қостанай таңы газеті № 6 2015ж.
- 4 Ақжол №11 (17699) 2013ж.
- 5 Ақжол №8 (17696) 2013ж.
- 6 Қазақ үні журналы №85 2013ж. 29 қараша.
- 7 Ақиқат №1 2013ж.

### **I. ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫ ТІЛІНДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢЕУЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛЫС ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Бекбосынова А.,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының  
доценті, ҚМПИ, Қостанай  
**Міркемел А.,**  
3 курс студенті, ҚМПИ, Қостанай

#### **Аннотация**

*Гендерлік теңеулер – тіл біліміндегі жаңа құбылыс. Ғылыми мақалада жазушы І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романындағы гендерлік теңеулердің қолданысы қарастырылды. Мақала шығармадағы гендерлік теңеулердің мағынасын, стильдік қызметін анықтауға арналған.*

#### **Аннотация**

*Гендерные сравнения - это новый феномен в лингвистике. В научной статье рассматриваются гендерные сравнения в романе «Алмас қылыш» написанном Ильясом Есенберлином. В статье также рассматриваются значения и стилистические особенности гендерных сравнений в данном романе.*

**Abstract**

*Gender comparison - this is a new phenomenon in linguistics. The article discusses the gender comparisons in the roman "Almas kylysh" written by Illiyas Esenberlyn. It also discusses the meanings and stylistic features of gender comparison used in the roman.*

**Түйінді сөздер:** *теңеу категориясы, гендер, әйел образы, ер адам образы, антонимдік теңеу.*

**Ключевые слова:** *категория сравнение, гендер, образ женщины, образ мужчины, антонимные сравнения.*

**Key words:** *category comparison, gender, the novel, the image of women, the image of men, antonymnyye comparison.*

**1. Кіріспе.**

«Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендесі. Теңеу – көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған, дүниетанымының ұлттық өзгешеліктері бас қосқан категориялардың бірі» [1,382].

**2. Материалдар мен әдістер.**

Теңеулердің ішіндегі ең бір елеулісі – ер мен әйел образына байланысты туындаған теңеулер. Ғылыми тілмен айтқанда, гендерлік теңеулер.

Гендерлік теңеулер жайлы Э.Ә.Өтебаева өзінің зерттеу еңбегінде біршама айтып өтеді. Ғалымның зерттеуінше, қазақ тіл білімінде гендерлік лингвистика жаңадан қалыптасып келе жатқан тіл ғылымының бір саласы ретінде қарастырылып келеді. Қазіргі таңда әйел мен ердің алатын орны туралы түсініктер мен құндылықтар, соған байланысты стереотиптер мен әлеуметтік үрдістер өзекті мәселе болып табылады [2, 18].

Ал ғылыми тілде *гендер* – әлеуметтік мәдени категория ретінде қарастырылып жүргені белгілі. Тіл білімінде гендерлік лингвистика саласын зерттеушілер ретінде Б.Хасанұлын, Г.Мамаеваны, Г.Шоқымды және т.б. атап көрсеткен.

Г.Мамаева қазақ тіліндегі ерлер мен әйелдердің сөз қолданыстарындағы ерекшеліктерді зерттеу жұмысына арқау етсе, гендерлік стереотиптерді зерттеп жүрген Г.Шоқым ер мен әйел образын көркемдеген теңеулерді іріктеп, жүйелеп, олардың гендерлік мәнін ашып көрсетеді. Адамның жыныс ерекшелігін бейнелейтін қазақ теңеулері ұлттың тарихын, дүниетанымын, психологиясын, рухани-мәдени өмірін өз бойына сіңірген маңызды лингвомәдени бірліктер болып табылады. Мәселен, қазақ халқында жас ерекшелігі мен тұрмыстық беделіне қарай, **әйел** адамды: *қыз, бойжеткен, бикеи, келіншек, қатын, ана, шеше, апа, бәйбіше, тоқал, әже, кемпір, өгей ана, ене* т.б. десе, **ер** адамды: *жігіт, бойдақ, еркек, аға, әке, ата, шал, қарасақал, ақсақал* т.б. лингвомәдени бірліктермен сипатталатынын атап өтеді [2, 18].

Н.С.Алдашованың пайымдауынша, тіліміздегі гендерлік теңеулердің басым көпшілігі әйел бейнесін сұлулық ұғымымен, ер адам бейнесін үлкендік, ірілік ұғымымен байланыстыра сипаттап дараландырған. Теңеулерге образ болып қолданылып, әйел, ер бейнелерінен ассоциацияланатын халық ұғымындағы бейнелілік негізі – табиғат құбылыстары, төрт-түлік, аңдар мен құстар, өсімдіктер, аспан шырақтары, шаруашылық, тұрмыс, кәсіпке байланысты атаулар т.б. болса, осылардың әрқайсысы жыныс өкілдерінің гендерлік болмысын ажыратып суреттеуде өз ішінен іріктеліп келіп, сан түрлі стильдік реңк алған... Гендерлік ерекшеліктерді айқындауда теңеулер ерлер мен әйел затының образын ашуға нақты көмектеседі. Әйел образына байланысты гендерлік теңеулер туралы ғалым: «Әйел образының көркемдік әлемнің қыртыс-қабаттары, ағыс-толқындары, құпия астары мейлінше мол. Әйел сұлулығының құбылған сан-салалы сыры қазақ ұғымындағы ең қасиетті нәрселерге теңеледі, ең «сүйкімді» нәрселермен салыстырылады. Көріктеу амалдарының ішінде теңеулер әйелдің сұлулығын бейнелейтін актив тәсіл болып табылады. Сұлулық, әсіресе, әйел сұлулығын суреттеуден қазақ халқының дүниетанымын, оның өмірге көзқарасын анықтауға болады. Әйелдің сұлулығы дүниедегі ең қасиетті, қадірлі, сүйкімді заттар мен құбылыстарға теңестіріледі [3,63].

### 3. Талқылау.

Жазушы Илияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында гендерлік теңеулер ұтымды әрі өз нақышында қолданылған. Оның ішінде – әйел адамға байланысты теңеулер. І.Есенберлиннің «Жанталас» романындағы әйел образына байланысты гендерлік теңеулердің қолданысы әйелдің бойындағы *нәзіктікті, пәктікті, сұлулықты, әдемілікті, тазалықты* суреттеуге бағытталған. Оған мына мысалдар дәлел бола алады:

1. Әбілқайырдың Маңғыт руынан алған бәйбішесінен туған он жеті жасар, **аппақ жұмыртқадай**, жастық желікті ерте бастаған жеңіл мінезді, ерке қызы **Ғайып-Жамал-Сұлтан-Бегімнің** сұлу жүзді, арыс тұлғалы Жәнібекке көңілі кеткен («Алмас қылыш», 15).

2. Сүрме қасты, **аққудай аппақ**, отыз беске, келіп қалса да, әлі де шаңқай түстей жарқыраған сұлу **Рабиу-Сұлтан-Бегім**(«Алмас қылыш», 15).

3. Және денесі **аппақ қардай**, қарақат көз сұлу **бәйбішесінің** жанында әдеттегісінен анағұрлым ұзақ жатқан («Алмас қылыш», 127).

Қазақ халқының санасында ақ түс ерекше орынға ие. Ол – пәктік пен тазалықтың, нәзіктіктің символы. Тіліміздегі әйелге арналған тұрақты теңеулердің көпшілігі де осы ақ түсті заттармен теңестіріледі. Жоғарыда берліген мысалдардағы *жұмыртқа, аққу, қар* секілді теңеулік образдар айтылған ойды нақтылай түскен.

«**Аппақ жұмыртқадай**», «**аққудай аппақ**», «**денесі аппақ қардай**» гендерлік теңеулер шығармаға экрессивтік мән үстемелейді. Қыз тәнінің сұлулығы мен тазалығын бейнелеу мақсатында қолданған. Теңеулік образ ретінде алынған – *жұмыртқа, қар, аққу* сөздері қыз денесінің аппақ екендігін терең түсінуге қызмет етіп тұр. «**Аппақ жұмыртқадай**», «**аққудай аппақ**», «**денесі аппақ қардай**» гендерлік теңеулері әйел портретінің сұлу да ажарлы *дидар жүзін* айқындау үшін қолданылып тұр.

Суреткер танымында *періште* тазалық, нәзіктік ұғымдарымен ассоциацияланады. Қаламгер туындыда әйелдің бойындағы тек қызға ғана тән пәктікті, сүйкімділікті, тән, жан тазалығын суреттеп, оқырманның сезіміне әсер ету мақсатында төмендегідей дәстүрлі теңеулерді қолданған:

1. «Адамзаттан емес, **көктегі періштеден туғандай, гүлін жарған қызғалдақтай-жадыраған сұлу** және Шығыстың әйелге деген қыспағына қарамай әкесі Ұлықбек жеті жасынан медресеге беріп, парсы, түрік, араб тілін үйреттірген («Алмас қылыш», 118).

2. Сол бір шатты сәтте әлі де он жеті жасар уылжыған қызға бергісіз осы бір **періштедей сүйкімді әйелін** Бақты-Қожа уәзірге өлтір деп тапсырғаны ойынан шығып кеткен («Алмас қылыш», 127).

3. Әбілқайырдың оң иығында отырған **Жәбірайыл періштедей**, бұрыс жолда әрдайым сақтап қалатын. («Алмас қылыш», 119).

4. Мұндай күнәға қасиетті ата-анасынан алған үлгі-ілім, тәрбиесі де, өзінің **мөлдір бұлақтай кірсіз таза жан сезімі** де оны еш уақытта да жуытпас болар («Алмас қылыш», 85).

*Жәбірейіл періште* сөзі әйел адамның әр кезде көмекке келіп, бұрыс жолдан сақтап, дұрыс жолға салып, Алланың ақ жолына салатын мінезін терең түсінуге қызмет етіп тұр.

Діни наным сенімдерге сенер болсақ, періште – Алланың әмірін жеткізіп тұратын құлы. Жазушы «*періштедей сүйкімді*», «*көктегі періштеден туғандай*», «*мөлдір бұлақтай кірсіз таза*» гендерлік теңеулерін әйел бойындағы пәктікті, нәзіктілікті, жұмсақтықты, жадыраңқылықты көрсету мақсатында пайдаланған. Бұл теңеулер әйел портретінің мінезін айқындай түскен.

Халқымыздың ежелден бастап-ақ қастерлеп, ерекше бір сырдың иесі деп білген табиғат байлықтарының бірі – өсімдік. Адам табиғат пен өсімдік арасындағы байланыс адамның табиғатына да өз әсерін тигізбей қоймайтынын ертеде-ақ түсінген. Әсіресе, өсімдіктің бейнесі әйел затының жан сұлулығы мен тән сұлулығына, сыртқы келбетіне тенеледі. *Сарғалдақ, қызғалдақ, раушан гүлі* секілді өсімдік атаулары – әйел бойындағы сұлулық пен ажарлылықты бейнелеудегі ең пәрменді теңеу образдары. Қаламгер І.Есенберлин де әйел затының

бойындағы көркемдікті, сөз жеткісіз әдемілікті *сарғалдақ*, *қызғалдақ* секілді теңеу образдары арқылы ассоциациялаған.

1. Алыстан-ақ бұл **әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай**, көзді тартады («Алмас қылыш», 19).

2. «Адамзаттан емес, көктегі періштеден туғандай, **гүлін жарған қызғалдақтай-жадыраған сұлу** және Шығыстың әйелге деген қыспағына қарамай әкесі Ұлықбек жеті жасынан медресеге беріп, парсы, түрік, араб тілін үйреттірген («Алмас қылыш», 118).

**Сарғалдақ, қызғалдақ** – қазақ халқының танымында сұлулықтың символы. «*Қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай*», «*гүлін жарған қызғалдақтай*» теңеулері қыздың сұлулығын, әдемілігін бейнелеу мақсатында қолданылып тұр. Теңеулер әйел портретінің сұлу да ажарлы *дидар жүзін* айқындау үшін орынды қолданылған. Бұл теңеулерді қолдану арқылы суреткер романды эстетикалық жағынан байыта түскен.

Қыз көркемдігін нақтылай, дәлелдей түсетін оның ұзын кірпіктері, қиылған қасы, қарақат көздері. Осы үш белгіге қарап, қазақ халқы қыздың сұлулығын бірден байқап, тәнті болған. Жазушы өзінің «Алмас қылыш» романында «әлемдегі ең сұлу жаратылыстың» бойындағы әсемдікті көрсету үшін қарақат көзіне, ұзын кірпіктеріне ерекше мән берген.

1. **Сүрме қасты**, аққудай аппақ, отыз беске, келіп қалса да, әлі де шаңқай түстей жарқыраған сұлу Рабиу-Сұлтан-Бегім:

- Үш күрең бәйгеден келсе бірге келеді, қалса бірге қалады, – деген, **қарақаттай мөлдіреген үлкен бота көздерін найзадай ұзын кірпіктерінің** астынан хан тағындағы еріне жаудырата қадай, – тізбектеліп ұшқан қоңыр қаздай үшеуінің қатар келгені жарасымды («Алмас қылыш», 84).

2. **Аққұба** бетін күн сәулесіне шомылдырған, үлкен жаудыраған **бота көздері қарақаттай қап-қара**, оймақ ауыз, бүлдіршін еріндері тек ләззатқа ғана жаралғандай сүйкімді, қор қызынан кем емес бір сұлу... («Алмас қылыш», 111).

Жазушы «*қарақаттай мөлдіреген үлкен бота көздер*», «*найзадай ұзын кірпіктер*» деген гендерлік теңеулерді әйел адамның сұлулығын көрсету мақсатында жұмсаған. Теңеулік образ ретінде алынған *найза* сөзі кірпіктің ұзын екенін, яғни әйелдің көрікті екенін терең түсінуге қызмет етіп тұр. «*Қарақаттай мөлдіреген үлкен бота көздер*», «*найзадай ұзын кірпіктер*» деген гендерлік теңеулер әйел портретінің қасы, көзі, кірпігінің ажарлылығын сипаттай түскен. «*Найзадай ұзын кірпіктер*» деген гендерлік теңеуі – гиперболалық теңеу. Яғни, ұлғайтыла суреттеліп, контекске экспрессивтік реңк үстемелеген.

Ұлтымыздың болмысында, аққу – әсемдіктің символы. Сол себепті, сұлулық ұғымын иеленушілерді осы аққуға теңеу тегін емес екені сөзсіз.

1. Әлі де **аққудың көгілдіріндей сұлу Аққозының** бір аптаның ішінде табытқа айналғанын көріп Жаған солқылдай жылап, апасын құшақтап ағыл-тегіл болған («Алмас қылыш», 233).

Теңеулік образ ретінде алынған *аққудың көгілдірі* сөзі сұлулық мағынасын терең түсінуге қызмет етіп тұр. Теңеу әйел адамзатының *ажарлылығын, шырайлылығын, келбеттілігін, көріктілігін* бейнелеу мақсатында қолданылған.

Автордың романда әйел адамзатының сұлулығын, тазалығын, нәзіктігін көрсету мақсатында қолданған теңеулері романның тілін барынша әсерлі еткен. Адам бойына ерекше қуат беріп, оны эстетикалық жағынан әсер етуде гендерлік теңеулер ұтымды пайдаланылған.

Сонымен қатар, әйел адам образынан басқа, ер адам образына да қатысты гендерлік теңеулер тілімізде өзінің жүйелі орнын тапқан. **Ер адам образына байланысты гендерлік теңеулер** жігіттікке тән алғырлықты, батырлықты, өжеттілікті ерекшелейді. Ер адамның бойындағы батылдық, ерлік қасиеттері көбінесе не жануарлар дүниесімен, не табиғат құбылыстарымен айқындала түседі. Жігіттің қайраты, жігері, мықтылығы «*алатаудай айбат*», «*қасқырдың бөлтірігіндей*», «*қорғасындай салмақты*», «*семсердей өткір*» деген сияқты теңеулер арқылы күшейе түседі.

Ғалым Н.С.Алдашованың зерттеуінше, ер адамның гендерлік портреті:

- *дене тұлғасы*: оқтай түзі, екі иіні қақпақтай, кеудесі есіктей кең;
- *сақал-мұрты*: сақалы күректтей, айғырдың қылындай сақалы;
- *мінезі*: ердің көңілі күнмен тең, мінезі қорғасындай салмақты деп сипатталады [3,

64].

Қаламгер туындысында *қасқыр, бұқа, көкжал* секілді жануарларды теңеу образдары ретінде алып, ер адамның айбаттығын, ержүректігін, қайсарлығын арттыра түскен. *Бұқаның өз жауына деген өшпенділігі, қасқырдың өжеттілігі мен жауыздығы, өшіккен бөрінің есесін бермеуі*, осының барлығы да – суреткердің «Алмас қылыш» романында орын алып, сол жануарлар әлемі, олардың мінездері мен әрекеттері ер адам бойындағы мінез бен әрекеттерге ассоциацияланады.

**1. Күйік пен Бату** алыстан айбат көрсетіп, аяқтарымен жер қопарып *сүзісуге келе жатқан екі бұқа тәрізді* («Алмас қылыш», 9).

Екі бұқаны жарыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қойса, олардың бір-біріне қарсы ұмтылып, сүзісіп, бірі жеңіске жетпей тынбайтыны анық. Жазушы Күйік пен Батудың бір-біріне деген өшпенділігін білдіру үшін және олардың бір-бірін аш қасқырдай талауға әзір екенін білдіру мақсатында «*сүзісуге келе жатқан екі бұқа тәрізді*» деген теңеуді қолданып отыр.

2. Бұрынды-соңды жұрт көзіне түспеген жас жігіттің, *қанжардай қос азу тісін* жалақтатып, қылшық жалын тікірейтіп, *тайшадай қара доңыз* қарсы ұмтылғанда, үзеңгісіне шірене тұрып сауыт бұзар жебесін қақ мандайдан қарыс сүйем кіргізіп, омақата құлатып, атаққа ілінетіні де, тағы сол саят базарында («Алмас қылыш», 17).

Қанжардың «қос жүзді үлкен пышақ» екенін ескерсек, «*қанжардай қос азу тістің*» қаншалықты үшкір екенін аңғаруға болады. Жас жігіттің қос азу тісін қанжарға теңей отыра, қаламгер оның жауына деген мықтылығын білдірмек болған.

Қасқырдың айбатты, ержүрек, қайсарлығын білдіретіндік бірліктер тілімізде баршылық. Солардың бірі – теңеулер. Нақтырақ айтқанда, гендерлік теңеулер. Қасқыр – жыртқыш аң. Оның бойынан айбаттық та, ержүректілікте табылады. Қазақ халқы кірпігінен қырау тамған жігіттерді көкжал қасқырға теңеп, оларға рух берген. Бөрінің батылдығы да ер адам бойындағы қасиетпен ассоциацияланады.

3. Жәнібек пен Керейдің құр өздері ғана емес, арттарында әрқайсысы бір түменге қолбасшы бола алар *қасқырдың бөлтірігіндей сегізден ұлдары* тұр («Алмас қылыш», 12).

**4. Бұлар бір-бірін жан алқымнан ала түсер көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес** («Алмас қылыш», 15)

Бөрі өшіккен жауына ешқашан есесін жібермеген. Сол себепті болар жазушы І.Есенберлин ер адамның айбатты өткірлігі мен батырлығын, ержүректігін көрсету мақсатында «*қасқыр*», «*тазы*», «*бөрі*» теңеулік образдарын қолданған, сол арқылы жігіттің мықтылығын айқындай түскен.

**«Қасқырдың бөлтірігіндей сегізден ұлдары»** гендерлік теңеуі – дәстүрлі теңеу.

Тіліміздегі шығармаларға назар аударсақ, *теңдес* сөзімен қатар келетін теңеулер өте сирек кездеседі. Сол себепті «*көкжал қасқыр мен арлан тазы теңдес*» гендерлік теңеуі – романды айшықтай түскен теңеу.

5. Қазір Әбілқайыр қиын халде, - деп болжайды ол, - Ордасының да айбары бұрынғыдай емес, жан-жағы түгел *аш қасқырдай талауға әзір жаулары* («Алмас қылыш», 28 бет).

Қасқыр тотемінің екі аты болған, біріншісі – көк бөрі, тарихи дәстүр бойынша құрметтеу, яғни тотемдік тұрғыдан қарау, екіншісі – малдың жауы, жыртқыш аң ретінде көру. Бұл жерде қаламгер қамшысынан қаны сорғалаған жауларын сол жыртқыш құстың әрекетіне, соның мінезіне балап, «*аш қасқырдай талауға әзір жаулары*» теңеулерін шебер пайдаланып отыр.

6. Азғантай мүлт кетсең, *оқыралаған өгіздей* мөңки тулап, жұртты бөліп әкеткелі тұр («Алмас қылыш», 37 бет). ОҚЫРА – сиыр малының терісінің астында өсіп жетілетін өте

зиянды сәйгел құрт, оқалақ [4, 632]. Ол құрт шыққанда өгіз ашуланып, дірілдеп, мөңкиді. Теңеу образы ретінде алынған – *өгіз* сөзі кейіпкердің ойран-топыр болып, қатты ашуланғанын суреттеп тұр.

Суреткен шығармада заттарды теңеу образы ретінде алып, олардың бойындағы қасиеттерді ер адам мінезіне балай келе, жансыз заттарды жандандыра түскен.

1. Ал **Махмед-Қожа баласы, жабылмаған ұстара тәрізді** еді, абайламасаң қолыңды алып түсуі оп-оңай («Алмас қылыш», 36).

Ұстара шаш алу үшін қолданылатын үшкір жүзді пышақ екені белгілі. Егер де ұстара жабылмаған болса, ол байқамай кесіп кетуі мүмкін немесе әртүрлі жағдайларға алып келуі мүмкін. Алдағы болар оқиға анық емес, белгісіз. Бірақ қауіп әкелері хақ. Жазушы ұстараның осы қасиетін жігіттің бойындағы қасиетпен теңеп отыр. Жігіт (яғни Махмед – Қожа баласы) тек қауіп әкеледі, оның қашан қай кезде өз айласын жүзеге асыратыны белгісіз. Осы мінезді көрсету мақсатында суреткер *«жабылмаған ұстара тәрізді»* теңеуін қолданып отыр.

2. **Қазтуған тапал, тоқты жілігінің қорғасын құйған асығындай шымыр адам** («Алмас қылыш», 48).

Гендерлік теңеудің образы ретінде алынған *асық* сөзі – этномәдени атауға ие болған зат атауы. Тоқты жілігінің асығына қорғасын құйған кезінде ол сақаға айналады. Ал сақаның өзге асықтардан ерекшелігі – асық ойнаған кезінде ауыр болғандықтан, онымен жеңіске жету оңайырақ, тиімдірек. Сол секілді жазушы барлық адамдарды асыққа теңей келе, Қазтуғанның өзгешелігін, ерекшелігін, мықтылығын көрсету мақсатында сақаға балап, *«тоқты жілігінің қорғасын құйған асығындай»* деген теңеуді пайдаланып отыр.

#### 4. Қорытынды.

Автор гендерлік теңеулерді қолдану арқылы шығарманың тілін айшықтай түскен. Әйел образына байланысты гендерлік теңеулер әйел бойындағы нәзіктік пен сұлулықты, әдемілікті, көркемдікті, әсемдікті, пәктікті, тазалықты бейнелеу мақсатында қолданылып, «аққу», «сарғалдақ», «періште» секілді теңеу образдары арқылы айқындала түсіп, әйел адамның сыртқы және ішкі сұлулығын нақтылай түскен. Ер адам образына байланысты гендерлік теңеулер ердің бойындағы батырлықты, батылдықты, айбаттықты, өжеттікті бейнелеу мақсатында қолданып, «өгіз», «қасқыр», «бөрі», «бұқа», «асық» деген теңеулік образдар арқылы туынды тілін әсерлі ете түскен. І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында гендерлік теңеулердің молынан қамтылуы, дәстүрлі теңеулермен қатар, автор тіліне ғана тән теңеулердің туындыда орын алуы – оның қайталанбас жазушы екенінің бірден-бір дәлелі.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 480 б.
- 2 Өтебаева Э.Ә. Қазақ тіліндегі -дай, -дей, -тай, -тей тұлғалы теңеу мәнді тілдік бірліктердің этнотанымдық сипаты, филол. ғыл. канд. ...автореф. – Алматы, 2010. – 28 б.
- 3 Алдашова Н.С. Ер мен әйел образына қатысты гендерлік теңеулер // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – Алматы, 2012. – №1 (135). – 63–65 б.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дацк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 5 Илияс Есенберлин. Көшпенділер. – Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2014. – 896 б.